



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРДЫ САЙЛАУ**Сейтова Айгерим Бадыкеновна**Seitovaaigerim98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану» мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Б.Ө. Алтынбасов

Сайлау деп – азаматтардың еркі мен мүдделеріне сәйкес таңдау негізінде, өз орталарынан сайлау жолымен өкілдерін ұсыну арқылы азаматтардың өкілді билікті қалыптастыру рәсімі[9,16-бет]. Сайлаудың тарихына тоқталар болсақ ол сонау ежелгі заман ғалымдарының да шығармаларының басты тақырыбына айналған. Осындай халықтың билік қатынастарына қатысу мүмкіншілігін зерттеуге үлесін қосқан қайта өрлеу дәуірінің ойшылдарының қатарына Н.Макиавеллиді және ежелгі заман ғалымдары Платонды, Аристотельді атауға болады. Халықтың өкілдік идеясы сол кезеңде Еуропада ғана емес, Шығыстық Араб және Орта Азия елдерінде де пайда болды. Шығыстық Араб елдерінде хариджидтер сектасын насихаттаушылар мұсылман қауымының бәрі ұлтына, қоғамдағы алатын орнына қарамастан халифті сайлау идеясын ұсынады деген.сонымен бірге сол кездегі өзінің өкілдік идеяларымен танымал араб ақыны және ойшылы Х-ХІ ырларда Абу – аль –аль- аль-Мари пікірі бойынша адамдар туғаннан тең, бұл олардың әлеуметтік және ұлттық белгілерінен тәуелсіз. Ол халықтың билікке ие болуын жақтады. Сондықтан халық билеушінің қызметшісі болмау керек, билеуші халық қызмет етуі керек. Бұл орта ғасырдағы ислам әлеміндегі демократиялық сайлау идеясының ерекше сипаты еді[1].

Сайлау жүйесінің өкілді билікті қалыптастырудың құралы ретінде оның рөлінің теориялық негізі қарастырылып, сайлаудың ең біріншіден билік бөлінісімен, сонымен қатар мемлекетке және оның саясатқа ықпалы зерттелді.

Т. Гоббс, Дж. Локк сайлауды заң шығарушы биліктің негізгі құралы ретінде түсіндірсе, Ж.Ж. Руссо нақты таңдалған тұлға немесе орган құқықтарын қарастырған. Халық билігінің ең мықты түрі – халық өкілдігі екені туралы француз ағартушысы Ш.Л.Монтескье еңбектерінде көрініс тапқан.Дж.Локк халық атынан сайланбаған биліктің күші болмайды деген пікір қалдырған.

Шетел ғалымдарымен қатар алаш зиялылары да сайлау турасында құнды мақалалар қалдырған.Оған Ә.Бөкейхановтың «Үшінші дума және қазақ», «Дума және қазақ» «Бас қосу туралы» ресейлік сайлау жүйесінен туындаған қазақ даласындағы әділетсіздіктерді сынаған мақалалары кіреді[2].

Саяси және сайлау құқықтарын қолдауды қамтамасыз ету бірқатар халықаралық құжаттарда, Рим қаласында 4 қарашада 1950 жылы қабылданған Адам құқығы мен негізгі еркіндіктерді қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция, 1996 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті, сайлау стандарттарының негізгі көздері болып табылатын 1994 жылы 26 қарашада, Париж қаласында қабылданған Еркін және әділ сайлаулар критерийлері туралы декларация, жаңа Еуропаға арналған Париждік хартия – жоғары деңгейдегі Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі Кеңесі халықаралық деңгейде демократиялық сайлаудың байқалуының негізі болып табылады[3, 17-бет].

Жоғарыда айтып кеткендей ерте заманнан-ақ сайлау халықтың билікке қатысуының формасы болған. Сайлау билікке келуінің негізгі нысаны, халықтың билікке қатысуының негіздерінің бірі және бірегейі болса, ал жергілікті өкілді органдарды сайлау-халықтың билікке араласуының ең төменгі сатысы болып саналады. Оның мәнін ашу үшін алдымен еліміздегі жергілікті өкілді органдардың қалыптасуын, қызметін айқындап алған жөн деп ойлаймын.

Жалпы құқық ғылымында Қазақстанда жергілікті өкілді органдардың қалыптасуы мен даму тарихын негізінен еліміздің егемендік алып, тәуелсздігін жариялауынан, яғни 1990 жылдың 25 қазанындағы «Қазақ ССР мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның

қабылдауынан бастап қарағанымен біз оны кеңес заманынан, нақтырақ айтсақ 1978 жылғы Конституцияның қабылдануынан бастап қарауды жөн деп санаймын. Себебі, республикамыздың шынайы егеменді мемлекет болып табылатындығын жариялап, оның белгілерін бекіткен «Қаз ССР мемлекеттік егемендігі туралы декларация мен ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң Қазақстан халқын мемлекет өкімет билігінің негізі болып табылады деп танып, халықтың тиісті билікті тікелей және жанама (өкілді органдар арқылы) жүзеге асыратындығын бекіту арқылы Қазақстанда жалпы өкілді билік құрудың фундаменті болғанымен [4, 4-тармақ, 6-бап], оның түп тамыры оған дейін - кеңес заманында жайылған еді. Бұл тұрғыда біз ғалым Л.Т.Жанұзақованың келесідей пікіріне сүйенеміз: «...жергілікті өкілді органдардың кеңестік тұста құрылуының тарихи тамырларын зерттеймейінше жергілікті биліктің маңызын, мәнін , мәслихаттарды бүгінгі қалыпта орнықтыруға алып келген негіздерді түсіну мүмкін болмақ емес. Жергілікті билік органдарының жүйесінің қызмет етуінің неіздері біздің елімізде нақ осы тұста – КСРО құрамында болған кезде қаланды[5, 21-бет].

Қазақстандағы жергілікті өкілді органдар кеңес заманынан бастап бүгінгі күнге дейін біршама түбегейлі өзгерістерге ұшырап, даму сатысынан өтті. Атап айтсақ, Қазақстанда жергілікті өкілді биліктің дамуын жинақтап келесідей үш сатыға бөліп қарастыруға болады:

1. Кеңестік Конституцияларға сәйкес жергілікті биліктің жоғары органы болып табылған Қазақ ССР халық депутаттарының жергілікті советтерінің қызмет ету кезеңі.

2. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясына сәйкес әрекет еткен жергілікті өкілді орган – Мәслихат депутаттар жиналысының қызмет ету кезеңі.

3.1995жылдың 30тамызында қабылданған ҚР Конституциясының негізінде құрылып бүгінгі күнге дейін әрекет етіп келе жатқан жергілікті өкілді органдар – мәслихаттардың қызмет ету кезеңі.

Осындай сатылардан өту негізінде қалыптасқан жергілікті өкілді биліктің сайлау жүйесіне оралар болсақ алғаш рет баламалы сайлау қағидасы негізінде жергілікті советтерге сайлау 1990 жылы өткізілді.

22 қыркүйекте 1989 жылғы заң халық депутаттарының жергілікті советтерінің мәртебесінде өзгертті, нақты айтсақ олар өкілетті орган мәртебесін иеленді. 1989 жылғы тиісті конституциялық реформаға дейін жергілікті советтер мемлекеттік өкімет органдарының біртұтас жүйесін құраса, өзгертулер орай олар мемлекеттік өкіметтің өкілетті (өкілді) органдары жүйесін құрайтын болды[6].

Қазақ ССР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 22 қыркүйек 1989 жылғы тиісті заңмен кеңестік жергілікті өкілді органның ұйымдастырылуының реттелуіне қатысты енгізілген келесі бір жаңалық – депутат сайлауының бір мандатты сайлау округі бойынша өткізілетіндігі және депутаттарды тәкелей емес сайлау жолының енгізілгендігі туралы айтар болсақ ендігі жерде депутаттардың $\frac{1}{4}$ бөлігі қоғамдық ұйымдардан, атап айтсақ Қазақстанның Коммунистік партиясынан, кәсіптік одақтардан, кооперативтік ұйымдардан, Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағынан, ҚазССР-інің әйелдер, соғыс және еңбек ардагерлері, ғылыми қызметкерлер бірлестіктерінен, творчестволық одақтарынан, Юристер одағынан, шетелдік байланыс саласындағы қоғамдық ұйымдардан, заңда белгіленген тәртіппен құрылған және республикалық органдары бар басқа да ұйымдардан олардың съездерінде, конференцияларында не олардың республикалық органдарының пленумдарында сайланатын болды. Бұл аталғандарға қоса, барлық деңгейдегі өкілді органдардың өкілеттік мерзімдері теңестірілді, яғни 5жыл болып орнықты[7, 84-бап,79-бап], ал жергілікті советтердің өкілеттік мерзімі -2,5 жыл болатын.

Осы жүйе негізінде бастау алып қалыптасқан өкілді органдарды сайлау тәртібі тәуелсіздігімізді алғаннан кейін де түбегейлі өзгерістерге ұшырамастан алғашқы бет-бейнесін сақтап қалды.

Сайлау қазіргі кезеңде демократиялы әрбір мемлекетке тән, яғни халықтың ықшамдалған түрінің билік басына келу сипаты десек қателеспеспіз. Соның төменгі сатысы жоғарыда айтылғандай жергілікті өкілді органдарды сайлау, Себебі олар қоғамды басқарудың ажырамас

бөлшегі болып табылады, өздері сайланған аумақ бойынша жергілікті жердегі халықтың мүддесін қорғап, оны мемлекет саясатына қосып ұштастыратын жергілікті басқарудағы сайланбалы орган. Жергілікті өкілді органдар туралы еліміздің конституциясының 8-бөлімінде көрсетілген. Осы бөлімнің 86-бабы бойынша маслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды және осы баптың 3- тармағында Қазақстан Республикасының 20 жасқа толған кез келген азаматы маслихат депутататы сайлана алады, Республика азаматы бір маслихаттың ғана депутаты бола алады делінген[8]. Жергілікті өкілді органдарды сайлаудың негізгі қайнар көздерінің біріне ҚР-ның 1995 жылы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңы жатады. Осы заңдар негізінде әрбір Қазақстан азаматы осы негізде маслихат депутаты атанып, саясатқа араласып, өзі сайланған аумақтағы қордаланған мәселелерді билік басына жеткізе алады.

Қазақстан Республикасындағы Жергілікті өкілді органдардың маңызының күшеюіндегі маслихаттар рөлін айқындаудың маңызы зор. Қоғамды демократияландырудың заңға сәйкес жалғасы Конституцияның өзін-өзі басқару туралы бөліміне енгізілген өзгерістер болып табылады. Жергілікті басқару - бұл тікелей, халықтық демократия. Бұл – демократияның ірге тасы. Соңғы жылдары осы жүйе аумағында көптеген даулар туындады. Бірақ, мәселе шешілмеді, өйткені жергілікті өзін-өзі басқару органдары қандай болуы керек деген сұрақтарға нақты жауап табылмады. Сондықтан, маслихаттар өкілдік органдар ретінде елдегі жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі болып табылады. Оның айғағы ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша жергілікті өкілді органдар – маслихаттар тиісті әкімшілік аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіретін және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейтін, олардың жүзеге асырылуын бақылайтын орган ретінде қарауымызға болады.

Маслихаттардың маңызын көтеруге облыстар, қалалар, аудандардың әкімдерін маслихаттарға сәйкес келісімдермен тағайындау да себепкер болады, сонымен қатар депутаттардың мүмкіндігі әкімдерге сенім білдіру және жалпы депутаттар санының қарапайым көпшілік дауыстарымен оларды лауазымынан босату туралы мәселе қою. Осындай жағдаймен механизм тұрақты және әкімдердің қызметіне қатысу бойынша маслихаттардың бақылау функцияларын нығайту жоспарында биліктің салалар арасындағы қарама-қайшылықтары неғұрлым айқынырақ болады. Сол уақытта олардың міндеттері ұлғая түседі. Атқарушы органдардың басшыларын тағайындай отырып, депутаттар олармен аймақтың әлеуметтік-экономикасын ары қарай дамыту міндеттерін бірге бөліседі. Бұл барлық мәселені бірден шешпейді, бірақ өкілдік және атқарушы билік органдарымен көздеген мақсатқа жету жолында тығыз өзара қарым-қатынаста және бірлесіп жұмыс етуге кепілдік береді.

Мемлекеттік басқаруда маслихаттардың рөлінің өсуін ескере отырып, саяси партиялардың сондай-ақ азаматтардан келесі сайлаулар уақытында депутаттыққа үміткерлерді ұсыну кезеңінде жоғары белсенділік күтуге болады. Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар біздің республикамызды және тұрғындардың маслихат депутаттарын сайлауға деген көзқарастарын өзгертеді деп ойлаймыз. Біздің еліміздің тұрғындары өздерінің депутаттарына үлкен өкілеттілік бергендіктен олардан келіп түсетін сұраныс та өседі.

ҚР Конституциясының 8-бөлімінде жергілікті өкілді басқару жайында айтылған. 86-бап бойынша Маслихаттардың қарауына мыналар жатады:

- 1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;
- 2) өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;
- 3) заңмен маслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;
- 4) маслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, маслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Жергілікті өкілді органдар қатысты конституциямыздың баптарына өзгерістер 2007 жылдың 21 мамырында енгізілген болатын. Және биылғы жылдың 10 наурызында еліміздің Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген болатын, сол өзгертулер мен толықтырулар жергілікті өкілді басқаруға қатысты баптарға да енгізілді. Жоғарыда көрсетілген 86-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылды:

Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады[8].

Бұл мәслихаттарға қатысты президенттің ғана емес, парламенттің де өкілеттігін айқындап, жоғары өкілді органдар мен жергілікті өкілді органдардың өкілеттілігін ұштастыру.

Мәслихаттар өкілді биліктің өкілетті органы болып саналады. Олар халықтық билік үдерісінің бастапқы элементтері ретінде қызмет атқарады. Көбінде өмірдегі реформаларды жүзеге асыру соларға тәуелді. Қызметтерінің басты қағидалары жергілікті міндеттерді шешуде ашық және алқалылық болып қалуы керек, олардың қызметтерін бағалау – жетістіктердің нәтижелері болып табылады.

Мәслихат депутаттарының азаматтардың мүдделерін білдіріп қана қоймай, маңызды, жауапты шешімдер қабылдауы үшін оларға ерекше мәртебе берілген. Қазақстан Республикасының Конституциясының 86-бабында: «1. Жергілікті өкілді органдар — мәслихаттар тиісті әкімшілік- аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды[8].

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 9-бабында мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде, басқа кандидаттарға қарағанда, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналатындығы, яғни мәслихат депутаттарын сайлау кезінде салыстырмалы көпшілік сайлау жүйесінің қолданылатындығы бекітілген. Ал сайлаушылардың дауыс беруге қатысуының төменгі шегі анықталмаған[10].

Біздің еліміздің Президенті ұсынған реформалар,мысалға «Қазақстан- 2050» стратегиясындағы басқаруды орталықсыздандыруға аса мән беруі де, жоғарыдан басқарылатын емес, «Халық пікірі – үлкен күш» деп Эсхил айтпақшы төмендегі қарапайым халықтың пікірін ескеруді, олардың мұң-назын жоғарыға жеткізуді жүзеге асыратын жергілікті басқаруды дамыту қажеттігін ескеруі, олардың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Яғни елбасымыздың халық қамын көздеген осындай реформалары елімізде экономиканың өсу үдерісін және саяси партиялардың сапалы дамуын белсендендіре түседі. Еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани гүлденуіне жергілікті халықпен ерекше тығыз байланыстарды жасай отырып, ат салысатын мәслихаттардың қалыптасудың маңызы зор екенін ашып береді.Мәслихаттар депутаттарын сайлау барысында сайлау комиссияларын құру кезінде бүгінгі күнгі әрекет етіп отырған тәртіпті учаскелік сайлау комиссияларын құруды округтік сайлау комиссиясына жүктеу арқылы өзгерту қажет, бұл сайлау комиссияларының қызметін неғұрлым тәуелсіз етер еді. Қазақстан Республикасындағы мәслихат депутаттарын сайлау — Республика Президентін немесе Парламент депутаттарын сайлаудан бір мысқал да кем емес маңызды құбылыс. Ол ең алдымен мәслихат депутаттарының халыққа тым жақын, етене аралас болатындығымен ерекшеленеді. Сондықтан мәслихат депутаттарын сайлау заңнамасы мен тәжірибесі демократиялық өлшемдерге неғұрлым сәйкес болса, халық атынан өкілдік ететін мәслихат депутаттарының қызметі соғұрлым жетіле түсер еді[11].

Елімізде осыған дейін өткен мәслихаттардың сайлауларының ерекшелігі. Ендігі кезекте, Мәслихат сайлауларының тәуелсіздік алғаннан бергі өткізілу кезеңдері ерекшеліктерін саяси сараптауға көшейік, Қазақстан республикасы өзінің тәуелсіздік алған он жеті жыл ішінде төрт рет шақырылымды басынан өткізді. Атап айтқанда, 1994 жылғы 7 наурызда бірінші

шақырылым, 1999 жылғы 10 және 24 қазандағы екінші шақырылым, 2003 жылғы 20 қыркүйекте және 12 қазанда үшінші шақырылым, 2007 жылғы 18 тамызда төртінші шақырылым. Бұл сайлаулардың өткізілу мерзімдеріне және жағдайы мен сапасы жағынан салыстырмалы түрде әркелкі деуге болады. Алғаш Қазақстан Республикасының жергілікті өкілдік органына депутаттарды сайлау 1993 жылы 9 желтоқсанда “Жергілікті Кеңестердің халық депутаттарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жайлы” Заң қабылдануына байланысты өткен еді. Келесі кезекті мәслихат сайлаулары 1999 жылғы 10 және 24 қазанда болды. Мәслихат депутаттарын сайлау алғашқы жергілікті өкілдерді сайлауға қарағанда ұйымдастырылу деңгейі сапасы жағынан біршама алға жылжыды. Олардың сайлаулары 3322 сайлау округтерінде ұйымдастырылды. Қайта сайлаулар 726 келесісі 242 сайлау округтерінде ұйымдастырылды. Сайлаудың баламалық сипаты да байқалды. Яғни, облыс және қала мәслихаттарына орта есеппен бір орынға 3 үміткерден таласты. Ал, аудандық мәслихаттарға 2 үміткерден бір орынға келеді[9;75-бет].

Ал, 2003 жылғы 20 қыркүйек және 12 қазанда өткен мәслихат сайлауының ерекшелігі, онда өзін-өзі ұсынушылар болды, олардың саны 925 құрады. 5 саяси партияның өкілдері үміткерлік тізімге тіркелді. Олар, Отан партиясынан – 1477, Аграрлық партиядан – 109, Ауыл партиясынан – 18, Азаматтық партиядан – 87, Ақжол партиясынан – 5, қоғамдық бірлестіктерден – 58 кандидаттар тіркелді[12;69-бет].

Ал, соңғы 2007 жылғы 18 тамыздағы мәслихат сайлауы біршама күрделі түрде өтті деуге болады. Өйткені, бұл жолы Петропавловск қаласының №3 сайлау учаскесіндегі сайлау жарамсыз деп танылуына байланысты, сайлаудың 14 қазанда келесі туры ұйымдастырылды. Жалпы тіркелген үміткерлердің саны – 9128, оның ішінде облыстық Алматы және Астана қалаларынан тіркелген кандидаттар – 1684, қалалық мәслихаттар – 1898 кандидат болды. Республика бойынша орташа бәсекелестік – 2,4. Жалпы сайланған 3335 депутаттың ішінде 83,0% ер адамдар, 17,0% әйелдер болса, облыс мәслихаттарына жалпы 89,1% ер адамдар, аудандық мәслихаттарда ерлер – 82,7% құрайды, оның ішінде облыс мәслихаттарында 21,6% әйелдер болса, аудан мәслихаттарының әйелдер санының көрсеткіші – 17,3% құрады[12;81-бет]. Жыныстық ерекшелігін салыстырмалы қарастыратын болсақ, ерлердің басымдылығы байқалады. Бұл көрсеткіштен әрине әйелдерге деген біздің елімізде кедергілер бар деп айтуға болмайды. Дегенмен, біздің ұлттың өзіндік менталитеті, жанұяны алғашқы кезекке қоятын әйел жолдастар саясаттан алшақтап жатады.

Облыстық мәслихаттардан орын алған партияларға тоқталсақ, “Нұр Отан” халық – демократиялық партиясынан – 484 депутат, “Ауыл” партиясынан 5, қоғамдық бірлестіктерден – 7, өзін-өзі ұсынғандардан 54 депутат сайланса, қалалық мәслихаттарда “Нұр Отан” халық – 1823 демократиялық партиясынан – депутат, “Ауыл” партиясынан - 24, қоғамдық бірлестіктерден – 13, Жалпы социал – демократиялық партиясынан – 2, өзін-өзі ұсынғандардан 288 депутат сайланса, Халық коммунистік партиясынан – 8, “Ақ Жол” Қазақстанның демократиялық партиясынан – 1 сайланды[12;82-бет]. Жоғарыдағы келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, сараптайын болсақ, қалалық мәслихаттарда оппозициялық партияларға бірде-бір орын тимеген. Тек, аудандық мәслихаттарда бір-бір орын иеленген. Бұл көрсеткіш жергілікті өзін-өзі басқару саласында қарсы пікірлердің болмауы баламалы жағдайда шешімдердің қабылдануына шек келтірмей ме деген сөз. Сондықтан, демократиялық даму үдерістеріне сәйкес, көп пікірліктің қалыптасуы үшін біздің елімізде әр түрлі көзқарастардағы партиялардың болуы қажеттілік. Ал, басқа партиялардың орын алу ерекшелігіне тоқталсақ, атап айтқанда “Ауыл” партиясынан қалалық мәслихаттарда екі орын, аудандық мәслихаттарда жиырма төрт орын алуы салыстырмалы түрде заңдылық. Өйткені, қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары үшін шешім қабылдау үдерісінде ауылдың мүддесін жақсы түсінетін және қолдау көрсететін партияның болуы пайдалы. Өзін-өзі ұсынушылар тарапынан қалалық мәслихаттарға қарағанда ауылда көбірек болуы ауыл тұрғындарының саяси мәдениетінің біршама көтерілгенін білдіреді.

Демек, елбасымыздың ұсынып отырған елімізді демократиялық қоғамға апаратын нақты жолы - әділ сайлаулар. Сондықтан, әділ жолмен қалыптасқан мемлекетіміздің өкілді билік органдары еліміздің жарқын болашағы, елдігіміздің кепілі.

Гегель айтпақшы «Адамдардың бәрі бірдей ойласа онда ешкімнің ештеңені ойламағаны»[13, 17-бет] ары қарай еліміздегі сайлау жүйесі туралы шетелдіктердің пікірілеріне, ойларына назар аударар болсақ, Қазақстандағы Парламенттік сайлауға қатысқан Ресей Федерациясының Федерациялар кеңесінің мүшесі Леон Ковальский « Біз заң шығару билігіне толығымен сенім артушылықты көрдік, біз партиялардың бірін-бірі жамандағанын көре алмадық. Сіздерден көп нәрсені, оның ішінде сайлауға қалай дайындалуды үйренуге болады» деген екен. Бұл әрине мақтануға тұарлық, бірақ дамудың шегі емес, сондықтан сайлау үрдісін тереңнен, төменнен жергілікті өкілді органдарға сайлауды жетілдіруді одан әрі дамыту керек.

Шетелдерде жергілікті өкілді басқару әр елде түрліше дамыған. Жапонияда бір палаталы өкілдік органдарға (префектуралар, қалалардың, селолардың жиналыстары) сайлау аралас жүйе бойынша, ал лауазымды тұлғаларды сайлау мажоритарлы негізде жүзеге асады. Ал АҚШ-та штаттар графтықтарға бөлінген. Графтықтардағы штаттардың төрттен үш бөлігінде комиссиянерлер кеңесі құрылады, ол әдетте бес-жеті адамнан тұрады. Олар төрағалық етуші тұлғаны сайлайды, жергілікті мәселелерді алқалы түрде шешеді және қаржы мәселелеріне басшылық етеді. Үндістанда жергілікті басқаруда панчайт түсінігі қалыптасқан. Ол үш ұйымнан тұрады: жалпы жиналыс, атқару комитеті және сайланбалы селолық сот. Қазіргі кезде барлық селолық панчайттарға сайлау төте түрде жүргізіледі[14]. Әр елде жергілікті басқару қанша заманға бейімделгенімен де сол халықтың менталитетінен, дамуынан асып ұзаққа кете алмайды.

Қорытындылай келсек, Еліміздің конституциясының 1-бабында көрсетілгендей Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [8]. Осы жоғарыда айтылғандарды естен шығармастан сайлау жүйесін де осы негізде жетілдіруіміз керек. Яғни еліміздің заңдарына сәйкес сайлауда ешқандай олқылықтардың орын алуына жол бермеу арқылы әрбір қазақстан азаматының құқықтары мен бостандықтарын жоғары деңгейде қорғау, арқылы біз құқықтық мемлекет болу идеясын қамтамасыз етіп, әр адамның ерікті негізде сайлауға әділ жолмен дауыс беруіне жағдай жасай отырып демократиялы мемлекет болу жолындағы даңғыл жолды одан әрі өрістетеріміз хақ. Елімізді дамыған отыз елдің қатарына қосқымыз келсе президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың « ... халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге топтасуы »[15, 22-бет] қажет деген пікірнен ата-бабаларымыз аңсап кеткен мәңгілік ел болу мақсаты жолында еліміздің әрбір азаматы өз үлесін қосуы керек деген қорытынды шығаруға болады. Оның бастауы еліміздегі әрбір азаматтың мемлекеттегі саяси үрдістерге барынша белсене қатысуы осы сайлаудың сатыларынан, сайлаудан бастау алады деп ойлаймын, ол әрине халқымыздың құқықтық санасының деңгейін көрсетеді. Қазіргі елімізде заңды күші бар сайлау туралы заңдардың мәтіні кезінде КСРО қылышынан қан тамған шағында елім, жерім деп еңіреген ерлердің, яғни алаш зиялыларының бағдарламаларымен дәлме-дәл сәйкес келеді бұл олардың сол кездің өзінде сайлау жүйесінің елдің маңызды бөлшегі екенін түсінгені, демократияға сол заманда аяқ басқысы келгенін көрсетеді, ендеше қазіргідей тәуелсіз Қазақ елін құруды аңсап кеткен ерлердің асыл мұратын асқақтату бүгінгі ұрпаққа міндет. Ел тағдырына, ұлт тағдырына, тіл тағдырына бейжай қарай алмайтын әрбір азамат, әрбір жас сайлауға белсене қатысуы, сайлануы керек деп ойлаймын, елімізді мерейін өсіретін де өшіретін де жастар, сондықтан жастардың өкілді билік орындарына сайланып билікке араласып, ел мен жер мәселесін шешуде белсенділік танытуы өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамедов М, Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси құқықтық ілімдер тарихы./ Оқу құралы. – А: Заң әдебиеті, 2002.- 338 б.

2. Бөкейханов Ә. Би һәм билік; (Қазақ елінің әкімшілік, сот құрылымындағы өзгерістер, отырықшылыққа бет алу мәселелері)//Қазақ.-311.-1914.
3. Жексембекова В.А., Жанпейісова Қ.Д.Қазақстан Республикасы жастарының электоралдық белсенділігі: Оқу құралы/-Алматы; Эверо баспасы, 2015.- 144бет.
4. Қазақ Советтік социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация 25 қазан 1990 жыл; «ҚР Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР-ның 1991 жылғы 16 желтоқсандағы конституциялық заңы.«Қазақ ССР Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» 22 сентябрь 1989 жылғы ҚазССР заңы.Қазақ ССР Жоғарғы советінің ведомствалары.№40-41, 1989, 336 бет.
5. Жанұзақова Л.Т. Конституционно-правовые проблемы организации и деятельности местных представительных органов в Республике Казахстан:дисс. На соиск. Ученой степени д.ю.н. Алматы, 2004.-С.319.
6. А.Ж.Жарболова, Д.О.Кусаинов. Қазақстанда кеңестік заманда жергілікті өкілді биліктің мәртебесінің бекітілуі және даму өзгешелігі./ Мақала/
7. «Қазақ ССР Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» 22 сентябрь 1989 жылғы ҚазССР заңы.Қазақ ССР Жоғарғы советінің ведомствалары.№40-41, 1989, 336 бет.
8. «ҚР-ның Конституциясы»-жаңа редакцияда 7.10.1998 ж.№284-I;21,05,2007 ж. №254 III; 2,02,2011 ж. №403-IV; 10.03,2017 ж.№51-VI заңдарымен өзгертілген.
9. Сайлау үдерісін құқықтық реттеу:Оқу құралы / Жанпейісова Қ.Д.- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2014.- 168 бет
10. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы.Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы.
11. С.К.Амандықова, Қ.Қ.Садықова.Қазақстан Республикасындағы мәслихат депутаттарын сайлау барысындағы сайлау үрдісі кезеңдерінің ерекшеліктері./ Мақала/-2013.
12. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ақпараттық бюллетені. – Астана. – 2008.
13. Айталы А. Байсалды ел байқаусыз қате жібермес. – Алматы: Таймас баспасы, 2008. – 328 бет + 8 жапсырма бет.
14. Чиркин В.Е. Шетелдердің конституциялық құқығы. Оқулықты орыс тілінен қазақшаға аударған: Б.Ө.Алтынбасов. – Алматы: ЖШС «Айсан Пресс» баспа үйі, 2012, -297 б.
15. Қазақстан Республикасы жастарының электоралдық белсенділігі: Оқу құралы – Алматы: Эверо Баспасы, 2015. – 144 б.

ӘОЖ 340

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕТІКТЕРІ

Сейтова Айгерим Бадыкеновна

Seitovaaigerim98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану» мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Н.Д. Мырзатаев

Түйін

Аталған мақалада жалпы білім мен ғылымның мемлекет дамуындағы өзектілігі, білім беру жүйесіндегі жоғары білім берудің маңызы және оның мемлекет тұрғысынан құқықтық түрде реттелуінің негізінде, жоғары білім берудің жүйеленіп бір жолға түсірілуі қаралды.Қазақстандағы жоғары білім беруді құқықтық реттеу КСРО кезеңінен басталатындықтан, КСРО-ның осы саладағы заң жобалары мен олардың нәтижелері салыстырмалы түрде көрсетілген.Осы жүйе негізінде дамыған тәуелсіз еліміздің жоғары білім